

¹Калиева Ж.А., ²Шахматова Н.В., ³Узакова С.А., ⁴Журасова А.Ш.

¹магистр, оқытушы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Орал қ., e-mail: Kaliyeva_87@mail.ru

²әлеум. ғ.д., профессор, Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов ұлттық зерттеу мемлекеттік
университеті, Ресей, Саратов қ., e-mail: nadezhdashakhmatova@yandex.ru

³оқытушы-зерттеуші, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті,
Қазақстан, Орал қ., e-mail: salima1966@mail.ru

⁴т.ғ.к., доцент, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Орал қ., e-mail: Azhurasova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАР БІРЛЕСТІКТЕРІ: ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРІ

Бұл мақалада сауалнама әдісімен жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері (квоталық-аумақтық іріктеу) келтіріледі. Жүргізілген талдау жұмыстарының негізінде Қазақстандағы жастар бірлестіктерінің эlastикалық екіжақтылығы мен синтетикалық сипаттарына қорытынды жасай отырып, дәстүрлі патерналистік және инновациялық демократиялық көзқарастар мен тәжірибені біріктіріп, басымдылық берілетіні белгілі болды. Айта кетерлік жайт, жастардың қоғамның саяси өміріне араласуы мәселелерін қарастырғанда, (көптеген респонденттердің пікірінше) көптеген бірлестіктер жастардың емес, сондай-ақ, белгілі болғаны көбінесе қоғамдағы мәселелерді шешуге бағытталып жұмыс жасайтындықтарын атап өткен. Сонымен қатар, бұдан басқа, қазіргі заманғы Қазақстан жастарының көпшілігі қоғамдық бірлестіктерге жастардың тартылу қажеттілігі әрқашан басым бағыт болғанын атап өткен.

Қоғамның трансформациясының қиын кезеңінде қазіргі қоғамда жастар бірлестіктеріне деген қажеттілік байқалып, олардың қоғамдағы жұмыс жасау маңыздылықтарының артқанын көрсетеді. Өйткені жастар өздерінің әлеуметтік мәселелерінің шешілуінде, өздерінің өмірлік жолдарын табуда, рухани, мәдени, тұлғалық жағымды қасиеттерін жетілдіруде қоғамның қолдауын, көмегін қажет ете отырып, қоғамдық үрдістерге де әсер ете алады. Бұл жағдай, әрине, қазақстандық жастардың қазіргі кезде қоғамдық белсенділіктері мен әлеуетінің біршама артқанына дәлел бола алады.

Түйін сөздер: жастар бірлестіктері, әлеуметтік зерттеу, қоғамдық пікір, көрсеткіштер, корреляциялық талдау.

¹Kaliyeva A.Zh., ²Shakhmatova N.V., ³Uzakova S.A., ³Zhurasova A.Sh.

¹research teaching, master, M. Utemisov West Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Uralsk, e-mail: Kaliyeva_87@mail.ru

²professor, doctor of sociological sciences, N.G. Chernyshevskiy Saratov National Research State University, Russia,
Saratov, e-mail: nadezhdashakhmatova@yandex.ru

³research teaching fellow, Kazakhstan University of Innovation and Telecommunication,
Kazakhstan, Uralsk, e-mail: salima1966@mail.ru

⁴assistant professor, candidate of historical sciences, M. Utemisov West Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Uralsk, e-mail: Azhurasova@mail.ru

Kazakhstan youth associations: public opinion of young generation

The present article provides the results of sociological studies, which were performed using questionnaire (quota-area sample). Based on the analysis, were made conclusions about elastic duality and synthetic character of modern youth associations of Kazakhstan, combining the dominant traditional-paternalistic and innovative-democratic attitudes and practices. It was noted that the focus of (according to the majority of respondents) on the involvement of youth in political life of the society, many associa-

tions solve the social problems, but not young people. At the same time, the majority of modern youth of Kazakhstan now considers the need of young people in public youth associations has always been a priority. This means the relevance and importance of modern youth associations in a difficult period of social transformation, when young people need the support of society, in solving social problems, in helping to fulfill their ambitions, develop their personal strengths, reach a cultural and spiritual improvement, and also to influence social processes. Simultaneously, it shows that Kazakhstan's youth has a significant potential of social activism.

Key words: youth associations, sociological research, public opinion, indicators.

¹Калиева Ж.А., ²Шахматова Н.В., ³Узакова С.А., ⁴Журасова А.Ш.

¹преподаватель, магистр, Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, Казахстан, г. Уральск, e-mail: Kaliyeva_87@mail.ru

²профессор, доктор социологических наук, Саратовский национальный исследовательский государственный университет имени Н. Г. Чернышевского, Россия, г. Саратов, e-mail: nadezhdashakhmatova@yandex.ru

³преподаватель-исследователь, Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем, Казахстан, г. Уральск, e-mail: salima1966@mail.ru

⁴доцент, кандидат исторических наук, Западно-Казахстанский государственный университет имени М. Утемисова, Казахстан, г. Уральск, e-mail: Azhurasova@mail.ru

Казахстанские молодежные объединения: общественное мнение молодого поколения

В статье приводятся результаты социологического исследования, проведенного методом анкетирования (квотно-территориальная выборка). Исходя из проведенного анализа, были сделаны выводы об эластичной двойственности и синтетическом характере современных молодежных объединений Казахстана, соединяющих в себе доминирующие традиционно-патерналистские и инновационно-демократические установки и практики. Было отмечено, что при нацеленности (по мнению большинства опрошенных) на вовлечение молодежи в политическую жизнь общества многие объединения решают проблемы скорее общества, но не молодежи. Вместе с тем, большинство современной молодежи Казахстана в настоящее время считает, что потребность у молодых людей в общественных молодежных объединениях всегда была в приоритете. Это означает актуальность и востребованность современных молодежных объединений в сложный период трансформации общества, когда молодые люди нуждаются в поддержке общества, в решении социальных проблем, в помощи, чтобы реализовать себя, свои положительные качества личности, культурно и духовно совершенствоваться, а также влиять на общественные процессы. Одновременно это свидетельствует о наличии у казахстанской молодежи значительного потенциала общественного активизма.

Ключевые слова: молодежные объединения, социологические исследования, общественное мнение, показатели, корреляционный анализ.

Жастардың саясатқа қатысуы жастар бірлестіктерінің, олардың қызығушылығының болуын, тұлғаның өз-өзін дамытуында, жастардың әлеуметтенуінде, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам болуында қажетті құрал болып табылады. Алайда жастар санасы қазіргі қазақстандық қоғамның саяси ландшафтын жаңғыртып, оның барлық әлеуметтік және саяси қайшылықтарын көрсете отырып, онымен бірге өзгеріп отырады.

Г. Алмонд және С. Верба (Алмонд, Верба, 1992) қарама-қайшы талаптар демократиялық қоғамдағы азаматқа жүктелетінін атап өтті. Сонымен бірге, азамат саясатқа араласып, белсенді, ақпараттандырылған, сонымен бірге жеткілікті пассивті, саясаттан ажыратылып, билеуші элиталарға құрметпен қарауға тиіс. Бұл қарама-қайшылықтар азаматтардың шынайы қызметіне емес, басқа да факторларға және әлеуетке байланысты, қажет болған жағдайда ол

қоғамдық шешімдер қабылдау үдерісіне әсер ете алатынына деген сеніміне негізделген. Басқаша айтқанда, жас ұрпақ үкіметтен ешқандай түбегейлі өзгерістер күтпейді.

Дегенмен де, жастар Қазақстан зерттеушілерінің басты назарында болады, әсіресе жастар саясатымен: Ф.Е. Алимбетова (Алимбетова, 2014), Н.А. Испаяев, Д.С. Тюлепова (Испаяев, Тюлепова, 2012), З.И. Ашимова (Ашимова, 2017), Г.О. Абдикерова (Абдикерова, Байтуов, 2017) айналысады. Жас ғылым болса да, Қазақстан әлеуметтануы жастар бірлестіктерін қоғамдық өмір аясында Г.С. Әбдірайымова (Абдірайымова, 2015), сондай-ақ Республика жастарын әлеуметтендіру процесінде олардың функционалдық мақсаты бағытында да назардан тыс қалдырмайды: Ш.С. Жүсіпқалиева (Жүсіпқалиева, 2014), А.Г. Қиалбекова (Қиалбекова, 2014), К.Ю. Лаубертс және Э.С. Кел-

бетова (Лаубертс, Келбетова, 2017), З.К. Шаукенова (Шаукенова, 2014). Алайда олардың фрагменттік, мозаикалық сипаттамасын бөлек мақалаларда қарастыруға болады. Мәселенің өзектілігіне қарамастан, қазақстандық зерттеушілердің жастарға және оның қоғамдық бірлестіктеріне арналған жұмыстарының айтарлықтай тапшылығының болуын атап өтуге тура келеді.

АҚШ пен еуропалық елдердің ғалымдары жастар мен олардың мәселелерін зерттеуге көп үлес қосты (Смелзер, 1994). Құрылымдылық-функционалдық бағыт шеңберінде (Э. Дюркгейм, Т. Парсонс, Ш. Эйзенштадт, Р. Мертон (Мертон, 1992), бихевиористік және оған жақын бағыттар арнасында (символикалық интеракционизм, этнометодология, өзара әрекеттесу теориясы, күнделікті өмір әлеуметтануы, структурализм және басқалар) – Дж. Мид, М. Мид, У.Томас (М.Мид, 1988).

Жастар мәдениетінің басқа мәдениеттерден радикальді түрде ерекшеленетінін феномен ретінде қарастырғандар К. Кенистон және Г. Холл, Э. Эдельман, Р. Юситало (Гидденс, 1991) және басқалары болды.

Жастар бүгінде ТМД халқының 21,9 %, Ресей халқының 19,6%, Қазақстан Республикасы халқының 24,6% құрайтындығы анықталған (Статкомитет СНГ, ЮНФПА, 2016).

Қазіргі Қазақстанның жастар бірлестіктерін зерттеу барысында патерналистік және инновациялық-демократиялық сипатты анықтайтын индикаторлар кешені әзірленді. Мәселен, «жоғарыда» тағайындалған басқарушы және атқарушы аппараттың болуы, ұйымдастырушы тарапынан қатаң бақылау (мысалы, жарғы арқылы), нақты белгіленген бюджет және «жоғарыда» жасалған іс-қимыл бағдарламасы, «төмендегі» бастамаларды тежеу, ұйымның федералды деңгейдегі лоббизмі және коммерциялық жобаларды іске асыру, міндеттер мен ұстанымдардың сабақтастығы, жастардың қоғамның саяси өміріне тартылуын, формальды кеңейтуге бағытталуын жастар ұйымының патерналистік сипатының көрінісі ретінде қарастыруға болады. Бірлестіктерді «төменнен» ұйымдастыру сияқты ерекшеліктер, яғни, ұйымның мүшелері тарапынан әртүрлі бастамаларды ынталандыру, ұйым мүшелерінің жеке бастамалары негізінде қалыптасқан басқарушы және атқарушы аппараттың болуы немесе тіпті болмауы, біреудің емес, жеке бастама бойынша жаңашылдық және ұйымның іс-қимыл бағдарламаларында нығайтылуы, олардың қызметі мен жобаларын жүзеге асыруда дербестігі,

саяси ойындарға қатыспауы және т.б., мемлекетке емес, көбірек қоғамдық өмірге қатысуы, мемлекеттік қолдаудың жоқтығы жастар ұйымдарының инновациялық-демократиялық сипатының көрсеткіші бола алады. Сауалнама кезінде жастар бірлестіктерімен қамту деңгейі шамамен 45%-ды құрайды, олар үшін бұл қатысу қоғам мен жастардың өміріне қызығушылыққа, мінез-құлықты және жеке байланыстарды дамытуға, адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандырылады. Жастар ұйымдарының қызметіне қатыспағандардың арасында ең көп тараған түсінік – уақыт тапшылығы, қызығушылықтың болмауы, олардың мүдделеріне жауап беретін ұйымның болмауы. Осылайша, әрбір екінші жас қазақстандық пассивтілікпен ерекшеленеді. Тек әрбір төртінші саяси жастар ұйымдары, қоғамдық өмірдің түрлі саяси нысандарымен қызығады. Қазақстанның қазіргі заман жастарының көпшілігіне әлеуметтік көмекке және жастарды қорғауға бағытталған мақсаттармен, әсіресе – саяси партияның мүдделерін қолдауға емес, студенттер мен халықтың кедей жіктерін қорғауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы жастар ұйымдары белгілі. Сауалнама кезінде респонденттер жастар ұйымына мінездеме бере отырып, олардың 11,6%-ы «жоғарыдан» бастамасы бойынша, яғни мемлекет немесе саяси партиялар тарапынан құрылғанын атап өтті (1-кесте). 2 есе азы (6,7% сұралғандар) жастар бірлестіктері «төменнен», яғни азаматтардың жеке бастамасы және өз еркі бойынша құрылатынын айтты. 3,5%-ы жастар ұйымының бірқатар міндеттері мен ұстанымдарындағы сабақтастықты және оның өз іс-шаралары мен жобаларын жүзеге асыру мен іске асырудағы дербестігін атап өтті. Жастардың 3,2%-ы ұйым мүшелері тарапынан түрлі бастамаларды көтермелеу болатынын айтты. Сәл аз (2,8%-ы) бюджет пен оларды ұйымдастыру «жоғары» тарапынан болатынын айтты. Алайда, мемлекеттің қолдауының жоқтығына шағымданатындардың үлесі (2,8%).

Сұралғандардың 2,5%-ы ұйымның жетекшілік ететін және атқаратын аппараты «жоғарыдан» сайланатынын көрсеткен. Сұралғандардың 1,8%-ы ұйым жастардың қоғамның саяси өміріне араласуына бағыттайтынын айтқан, ал 1,4%-ы біріншіден мемлекеттік емес, қоғамдық өмірге белсене қатысатынын атап өткен. Жастардың 1,4%-ы ұйымға федеральдық деңгейдегі лоббизм және коммерциялық жобаларды жүзеге асыруы тән деп көрсеткен. Ал, кейбіреулері лоббизмнің жоқтығына, ұйымдастырушылар тарапынан қатаң тәртіптің жоқтығына шағымданды. 1,1%-

ы керісінше ұйымдастырушылар тарапынан шектен тыс тәртіптің (мысалы, жарғы арқылы) болатынын немесе бірлестіктің іс-шараларын қарастырғанда бастамашыл болатынын көрсет-

ті. 0,7%-ы бірлестікті жетекшілік ету аппаратының болуына немесе бірлестік мүшелерінің жеке бастамасы бойынша құрылатынына қарсы екенін білдірді.

1-кесте – Қазақстанның жастар бірлестіктерінің негізгі сипаттамалары, сұралғандар %-бен

Респонденттер қатысатын жастар ұйымының сипаттамасы	%
Ұйым «жоғарыдан», яғни мемлекет және саяси партиялар бастамасы бойынша құрылады	11,6%
Ұйым «төменнен», яғни азаматтардың бастамасы және өз еркінен құрылады	6,7%
Тапсырмалар мен міндеттерді орындаудағы сабақтастық	3,5%
Өз іс-шаралары мен жобаларын жүзеге асырудағы дербестік	3,5%
Ұйым мүшелері тарапынан түрлі бастамаларды көтермелеу	3,2%
«Жоғары» тарапынан құрылған, нақты белгіленген қаражат және іс-шаралар бағдарламасы	2,8%
Мемлекеттік қолдаудың жоқтығы	2,8%
«Жоғарыдан» тағайындалған басқарушы және атқарушы аппараттың болуы	2,5%
Жастардың қоғамның саяси өміріне кеңінен қатысуы	1,8%
Федералдық деңгейде және коммерциялық жобаларды іске асыруда лоббизм тән	1,4%
Ұйымдастырушы тарапынан қатаң бақылаудың болмауы	1,4%
«Саяси ойындарға» қатыспау, шешім қабылдауға ықпал жасау және т. б.	1,4%
Мемлекеттік емес, қоғамдық өмірге көбірек қатысу	1,4%
Ұйымдастырушының қатаң бақылауы (мысалы, жарғы арқылы)	1,1%
Ұйым бағдарламаларын іске асыруда бастамашылық	1,1%
«Төменнен» келетін бастамаларды тыю	0,7%
Басқа біреудің тағайындауы бойынша емес, ұйым басшыларының жеке бастамасы бойынша құрылған жетекшілік ететін және атқаратын аппараттың болуы	0,7%
Қатыспаймын	2,6%
Жауап беруге қиналамын	49,8%
Қорытынды	100,0%

Осылайша, сұралғандардың төрттен бір бөлігі өз ұйымын көбінесе патерналистік дәстүрлі сипатқа ие екенін атады. Әрбір бесінші бастаманың «төменнен» болатын көрсеткіштерін атады. Сонымен қатар, 2,6%-ы еш жерде қатыспайтынына байланысты өз ұйымына мінездеме беруден бас тартты және сұралғандардың жартысына жуығы (49,8%) жауап беруге қиналды, бұл жастардың пікірлерінің пассивтілігін не жастар ұйымдарының жұмысы туралы ақпараттандырудың жетіспеушілігін куәландырады.

Жастарға Қазақстанның жастар ұйымдарын жалпы сипаттауды ұсынған кезде, әрбір үшіншісі жауап беруге қиналды. Бұл жастар бірлестіктерінің қалыптасуы мен қызметінің ерекшеліктері туралы хабардар болу деңгейінің төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар жауаптың жарамдылары нақты емес, яғни екіойлылыққа әкеледі. Жастар бірлестіктерінің «жоғарыдан» (мемлекеттік немесе саяси партиялар) ұйымдастыру ерекшеліктеріне сәйкес пікірлер екіге бөлінді. Сұралғандардың 28,4%-ы бұл барлық жастар бірлестіктеріне, 34,4%-ы бұл тек кейбір бірлестіктерге тән екенін көрсетті. Ал тек

7,0%-ы ғана бұл ешқандай бірлестікке тән емес екеніне сенімді. Басқарушы аппараттың «жоғарыдан» тағайындалатыны туралы айтсақ, 26,7%-ы бұл тек жастар бірлестіктері ғана емес, барлық ұйымға тән деп санайды, 34,4%-ы тек кейбіреулерін, 9,1%-ы бұл ешқандай жастар бірлестіктерінде жоқ екенін көрсеткен. Ал 15,1%-ы жастар бірлестіктерінде ұйымдастырушы тарапынан қатаң тәртіптің (мысалы, жарғы арқылы) барын, 16,8%-ы бұндай тәртіп ешқандай бірлестікте болмайтынын айтқан. Жиі кездесетін жауап, яғни сұралғандардың 35,1%-ы бұл кейбір бірлестіктерге тән екенін атап өтті. 22,5%-ы «жоғарыдан» нақты түрде белгіленген қаражат және іс-шаралар бағдарламасының болуы барлық жастар бірлестіктерінде болатынын көрсеткен. 37,2%-ы барлығына емес, 9,5%-ы ешқандай бірлестіктерінде көрініс таппайтыны туралы айтты. Сұралғандардың 18,9%-ы «төменнен» келетін бастамаларды тежеу барлық жастар бірлестіктеріне, 27,7%-ы бұны тек кейбір бірлестіктерде бар деп есептейді. 6,3%-ы ешқандай жастар бірлестіктерінде болмайтынына сенімді.

Сұралғандардың 18,6%-ының ойынша, бірлестікке федеральдық деңгейдегі лоббизм және коммерциялық жобаларды жүзеге асыру тән. Алайда 32,6%-ының ойынша, бұл әртүрлі сипатта болады. 10,5%-ы бұл қазақстандық қоғамда жоқ деп есептейді. 29,1%-ының ойынша, жастардың саясатқа деген қызығушылығы бар. 33,7%-ы бұл барлық бірлестіктерге қатысты емес екенін айтты. 9,1%-ы ешқандай бірлестіктен саясатқа қызығушылықты байқамағанын айтқан. 24,2%-ы тапсырмалар мен қондырғылардың байланысы барлық бірлестіктерде бар деп, 33,3%-ы барлығында емес деп санайды. Ал 8,4%-ы мүлдем байқамаған.

Сонымен барлық жастардың пікірлері бойынша, патерналистік түрдегі барлық көрсеткіштер мынадай: бірлестіктің мемлекет немесе саяси партия тарапынан құрылатынына (жастардың 62,8%-ы солай есептейді), жастардың саяси өмірге қызығушылығы (62,8%), басқару аппаратының «жоғары» тараптан тағайындалуы (61,1%), «жоғарыдан» нақты түрде белгіленген қаражат және іс-шаралар бағдарламасының болуы (59,7%), тапсырмалар мен қондырғылардың байланысы (57,5%), федеральдық деңгейдегі лоббизм және коммерциялық жобаларды жүзеге асыру (51,2%), ұйымдастырушылар тарапынан қатаң бақылаудың болуы (50,2%). Респонденттердің жартысына жуығы (47%) бұл мәселеге жауап беруге қиналды.

Жастар қауымдастығының инновациялық-демократиялық сипатындағы жастардың пікірін талдай отырып, әрбір төртінші жас қазақстандық (24,6%) осы ұйымдардың «төменнен», яғни азаматтардың өз еркі бойынша жасалынады деп есептейді (2-кесте). 34,0%-ы бұндай құрылымдардың тек бір бөлігін ғана сипаттайды деп санайды. 9,1%-ы ешқандай бірлестікті сипаттамайды деп көрсеткен. 15,4%-ы жастар бірлестіктеріне ұйымдастырушы тарапынан қатаң бақылаудың жоқтығын айтқан. 33,0%-ы бұл тек кейбір бірлестіктерге ғана тән деп атаған. 17,5%-ы бұл құрылымдарда мүлдем кездеспейді деп есептеген. 27,0%-ы ұйым мүшелері тарапынан әртүрлі бастамаларды көтермелеу барлық жастар бірлестіктеріне тән деп есептейді. Сұралғандардың 29,8%-ы бұл жағдай барлық құрылымдарда кездеспейді, ал 7,7%-ы мүлдем кездеспейді деп санайды.

Сұралғандардың 16,5%-ы барлық жастар бірлестіктерінде «төменнен» тағайындалған басқарушы және атқарушы аппарат болады деп есептейді. Алайда жастардың 35,8%-ы бұл тек кейбір бірлестіктерге ғана тән деп, ал 11,2%-ы ешқайсысында болмайтынына сенімді. 23,9% сұралғандардың пікірінше, барлық жастар ұйымдары үшін іс-қимыл бағдарламаларындағы жаңашылдық тән. Ал жастардың 33,3%-ы барлық құрылымдарда кездеспейтінін айтқан. 10,5%-ы ешқандай бірлестікте жоқ деп санайды. Олардың өз іс-шаралары мен жобаларын жүзеге асыру және іске асырудағы дербестігі туралы айтсақ, 29,5%-ы барлық құрылымдарда бар деп, 34,0%-ы жастар ұйымдарының бір бөлігінің ғана сипаттамасы және 6,3%-ы ешқандай бірлестікте жоқ деп мәлімдеді. Сауалнамаға қатысқандардың 15,8%-ы «саяси ойындарға», барлық жастар бірлестіктеріне тән лоббилендіруге қатыспағанын атап өтті. 35,4%-ы барлық ұйымға тән емес деп санайды. Ал 15,8%-ы бұл мүлдем жастар құрылымдарында жоқ деп есептейді.

Жастардың жастар қоғамдық бірлестіктеріне тартылуы туралы білетіндер сұралғандардың 22,1% қамтыған. 36,5%-ы бұл барлық бірлестіктерде болмайтынына сенімді. 8,8%-ы бұны бақыламағанын айтты. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен бірдей үлесі мемлекет тарапынан барлық жастар ұйымдарын толық қолдау туралы (16,1%), немесе мұндайды қолдамайтынын (15,4%) жеткізді. Алайда, 32,6%-ы барлық ұйымдарда бұл әртүрлі болатынын көрсетті.

2-кесте – Қазақстандағы жастар бірлестіктерінің басты сипаттамалары, әрбір сипаттамаға %-бен

Жастар бірлестіктерінің сипаттамалары	Іс жүзінде барлық ұйымдарда	Кейбіреуінде бар, кейбіреуінде жоқ	Ешқандай ұйымда жоқ	Жауап беруге қиналамын	Қорытынды
Ұйым «жоғарыдан», яғни мемлекет және саяси партиялар бастамасы бойынша құрылады	28,4%	34,4%	7,0%	30,2%	100,0%
«Жоғарыдан» тағайындалған басқарушы және атқарушы аппараттың болуы	26,7%	34,4%	9,1%	29,8%	100,0%
Ұйымдастырушының қатаң бақылауы (мысалы, жарғы арқылы)	15,1%	35,1%	16,8%	33,0%	100,0%
Жоғары тарапынан құрылған, нақты белгіленген қаражат және іс-шаралар бағдарламасы	22,5%	37,2%	9,5%	30,9%	100,0%
«Төменнен» келетін бастамаларды тыю	18,9%	27,7%	6,3%	47,0%	100,0%
Федералдық деңгейде және коммерциялық жобаларды іске асыруда лоббизм тән	18,6%	32,6%	10,5%	38,2%	100,0%
Жастардың саяси өмірге кеңінен араласуы	29,1%	33,7%	9,1%	28,1%	100,0%
Тапсырмалар мен міндеттерді орындаудағы сабақтастық	24,2%	33,3%	8,4%	34,0%	100,0%
Ұйым «төменнен», яғни азаматтардың бастамасы және өз еркінен құрылады	24,6%	34,0%	9,1%	32,3%	100,0%
Ұйымдастырушы тарапынан қатаң бақылаудың болмауы	15,4%	33,0%	17,5%	34,0%	100,0%
Ұйым мүшелері тарапынан түрлі бастамаларды көтермелеу	27,0%	29,8%	7,7%	35,4%	100,0%
Басқа біреудің тағайындауы бойынша емес, ұйым басшыларының жеке бастамасы бойынша құрылған жетекшілік ететін және атқаратын аппараттың болуы немесе болмауы	16,5%	35,8%	11,2%	36,6%	100,0%
Ұйым іс-шараларын жасауда жаңашылдық	23,9%	33,3%	10,5%	32,3%	100,0%
Өз іс-шаралары мен жобаларын жүзеге асырудағы дербестік	29,5%	34,0%	6,3%	30,2%	100,0%
Саяси ойындарға, шешім қабылдауға ықпал жасауға қатыспау және т. б.	15,8%	35,4%	15,8%	33,0%	100,0%
Мемлекеттік емес, қоғамдық өмірге көбірек қатысу	22,1%	36,5%	8,8%	32,6%	100,0%
Мемлекеттік қолдаудың жоқтығы	15,4%	32,6%	16,1%	35,8%	100,0%

Осылайша, сұралғандардың пікірлері бойынша бірлестікте іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруда дербестікті бар деп санайды (63,50%), азаматтардың бастамасы негізінде «төменнен» бірлестіктерді ұйымдастыру (58,60%), мемлекет емес, қоғам өміріне тартылу (58,60%), іс-қимыл бағдарламаларындағы инновация және нығайтушылық (57,20%), бірлестік мүшелерінің мүшелерінің түрлі бастамаларын көтермелеу (56,80%), «төменнен» тағайындалған басқарушы және атқарушы аппараттың болуы (52,30%), «саяси ойындарға» қатыспау (51,20%). Ұйымдастырушы тарапынан қатаң бақылаудың болмауы (48,40%) және мемлекеттің қолдауының болмауы (48,00%) пікірлері жиі айтылды. Басқаша айтқанда, жастардың көпшілігі жастар бірлестіктерінің инновациялық-демократиялық сипатта

екенін атап көрсетті. Алайда, ұйымдастырушылар тарапынан қатаң бақылау жасалу керектігін, көбінесе бұндай талаппен мемлекеттік және партиялық органдар қатысатынын, бұл көптеген жастар бірлестіктерінің дәстүрлі сипатын көрсететінін айтты.

Жастар бірлестіктерінің демократиялық дәрежесін анықтау үшін сұралғандарға олардың қызметінің кейбір аспектілерін жан-жақты түсіндіру ұсынылды (3-кесте). Осылайша, бірлестіктегі шешім қабылдау туралы айтсақ, жастардың 27,4%-ы (әсіресе қыздардың 28%-ы), барлық шешімдер басқару деңгейінде қабылданатынын атап өтті. 2 есе сирек (10,2%) «төменнен» келетін ұсыныстар қабылдануда, ал басшылық өз қалауы бойынша қолдайды/ қолдамайды деп санайды. Әсіресе, қыздар осылай жауап берді (11,6%-ы қарсы 7,3%-ға ұлдар арасында).

Сұралғандардың 13,0%-ы (әсіресе, жігіттер – 13,5%) олардың бірлестіктерінде басшылық-тың бастамаларымен ғана шешімдер бірлесіп қабылданатынын атап өтті.

3-кесте – Респонденттердің пікірін Қазақстанның жастар бірлестіктерінде шешімдер қабылдау тәсілдеріне байланысты гендерлік бөлу, гендер бойынша %-бен

Сіздің ұйымыңыздағы шешім қабылдау	Жыныс		Қорытынды
	Ер адам	Әйел адам	
ұйым басшылығы деңгейінде	26,0%	28,0%	27,4%
ұсыныстар беріледі, ал басшылық өз қалауы бойынша қолдайды/ қолдамайды	7,3%	11,6%	10,2%
шешім басшылық бастамаларының қолдауымен қабылданады	13,5%	12,7%	13,0%
шешімдерді басшылықтың қатысуынсыз ұйым мүшелері қабылдайды	3,1%	4,8%	4,2%
ұйымға қатыспағанмын	19,8%	16,9%	17,9%
жауап беруге қиналамын	30,2%	25,9%	27,4%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Алайда тек 4,2%-ы ғана (қыздар – 4,8%-ы) басшылықтың қатысуынсыз ұйым мүшелері шешім қабылдайды деп атап өтті. Сонымен қатар, 45,3%-ы (олардың ұйымға қатыспауына байланысты – 17,9%) немесе бұл сұраққа жауап бергісі келмеді (хабардарлықтың төмен деңгейіне байланысты).

Ұйымның бюджет көздері, жобаларды іске асыруға қаражат туралы мәселе жауап беруге қиындық туғызды (4-кесте). Сұралғандардың 54,0%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады, бұл жастар ұйымдары бюджеттерінің жеткіліксіз айқын көрініс табуының нәтижесі бола алады.

4-кесте – Қазақстан жастар бірлестіктерінің бюджет көздері туралы респонденттердің пікірін гендерлік бөлу, гендер бойынша %-бен

Ұйымның бюджетін, жобаларды іске асыруға қаражат түсімін анықтау	Жыныс		Қорытынды
	Ер адам	Әйел адам	
Жастар ұйымына жататын саяси партия	16,7%	18,5%	17,9%
Ұйым басшылығы бюджетті дербес анықтайды және жобаларды іске асыруға өзі қаражат іздейді	13,5%	11,6%	12,3%
Қайырымдылық қорлары	8,3%	11,1%	10,2%
Қаражат коммерциялық жобаларды іске асыру нәтижесінде пайда болады	7,3%	4,8%	5,6%
Жауап беруге қиналамын	54,2%	54,0%	54,0%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Сұралғандардың 17,9%-ы (қыздар – 18,5%) жастар ұйымына жататын саяси партияны қаржыландыру көзі ретінде көрсетті. 12,3% (ұлдар – 13,5%) оларды ұйымдастыру басшы-

лығы бюджетті дербес анықтап, жобаларды іске асыруға қаражат іздейді деп атап өтті. Сұралғандардың 10,2%-ы (көбінесе қыздар – 11,1%) қаржыландыру көзі ретінде қайырым-

дылық қорларын атады. 5,6% (көбінесе ұлдар – 7,3%) қаражаттың коммерциялық жобаларды іске асыру нәтижесінде пайда болатынын атап өтті. Осылайша, жастар ұйымдарын қаржыландыруда саяси партиялар ең маңызды рөл атқарады. Алайда, жігіттер қыздарға қарағанда өз коммерциялық жобаларын жүзеге асыруда қаражатты өз бетінше іздеуге бағытталған. Сұралғандардың 34,4%-ы ұйым мүшелерінің өз ұйымында

жоғары тұрған мүшелерінің бастамасын көтермелейтінін атап өтті (5-кесте). 15,4% (көбінесе қыздар – 17,5%) бұл көтермелеу тек кейбір дәрежеде жүзеге асырылатынын көрсетті. Жастардың тек 1,8%-ы ғана (ұлдар арасында 2,1%-ы) оларды ұйымдастыруда ұйым мүшелерінің бастамасы көтермеленбейтінін атап өтті. Алайда, сұралғандардың 48,4%-ы жауап беруге қиналған.

5-кесте – Қазақстан жастар бірлестіктерінің қатардағы мүшелерінің бастамаларын көтермелеу туралы респонденттердің пікірін гендерлік бөлу, %-бен гендер бойынша

Ұйым мүшелерінің одан жоғары тұрған мүшелердің бастамасын көтермелеуге қатысуы	Жыныс		Қорытынды
	Ер адам	Әйел адам	
Әлбетте қатысады	34,4%	34,4%	34,4%
Кейде қатысады	11,5%	17,5%	15,4%
Мүлдем қатыспайды	2,1%	1,6%	1,8%
Жауап беруге қиналған	52,0%	46,5%	48,4%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Сұралғандардың 39,6%-ы қазіргі уақытта барлық жастар бірлестіктері мемлекеттен көмек алатынын атап өтті (6-кесте). Әсіресе қыздардың жауабы осылай (43,4%). Жастардың 32,3%-ы, әсіресе ұлдар (33,3%) мемлекет барлық ұйымдарға көмектеспейтінін айтты. Сауалнамаға қатысқандардың 3,9%-ы мемлекет

қазіргі уақытта ешқандай жастар ұйымдарына көмектеспейді деп санайды. Осылайша, көптеген жастар ұйымдарының патерналистік қондырғысы расталады. Бұл ретте ұлдар арасында бұл пікір 2 есе жиі таралған (6,3%). Сұралғандардың 24,2%-ы осы сұраққа жауап беруге қиналды.

6-кесте – Қазақстанның жастар бірлестіктеріне мемлекеттің көмегі туралы респонденттердің пікірін гендерлік бөлу, гендер бойынша %-бен

Қазіргі уақытта мемлекеттің жастар ұйымдарына көмегінің болуы	Жыныс		Итого
	Ер адам	Әйел адам	
Иә, барлық ұйымдар мемлекет көмегін алады	32,3%	43,4%	39,6%
кейбіреулеріне көмектеседі, ал кейбіреулеріне көмектеспейді	33,3%	31,7%	32,3%
жоқ, мемлекет қазіргі уақытта ешқандай жастар ұйымдарына көмектеспейді	6,3%	2,6%	3,9%
Жауап беруге қиналамын	28,1%	22,3%	24,2%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Сұралғандардың 25,4%-ы өз ұйымын патерналистік сипатқа тән екенін атады. 22,2%-ы «төменнен» келетін бастамаға бағытталған сипаттамаларды атады. Осылайша, оларды

ұйымдастырудағы шешімдер қабылдау туралы айтсақ, жастардың 27,4%-ы (әсіресе қыздар – 28%), барлық шешімдер басшылық деңгейінде қабылданатынын атап өтті. 10,2%-ының ойын-

ша «төменнен» ұсыныстар келуде, ал басшылық өз қалауы бойынша қолдайды/ қолдамайды. Жастар ұйымдарын қаржыландыруда саяси партиялар мен мемлекеттің қолдауы ең маңызды рөл атқарады. Сұралғандардың үштен бірі ғана ұйым мүшелерінің өздерінен жоғары тұрған мүшелерінің бастамасын көтермелейтінін атап өтті. Сонымен қатар, сұралғандардың жартысына жуығы (49,8%) осындай сипаттамаларға жауап беруге қиналды, бұл жастардың пікірлерінің пассивтілігін, өз ойын жеткізуде сақтығын не жастар ұйымдарының жұмысы туралы ақпараттандырудың жетіспеушілігін көрсетеді.

Жастар бірлестіктерін жандандыру факторлары туралы айтсақ, сұралғандардың 34,7%-ы, әсіресе 35,4% қыздар мемлекеттің саяси идеологиясын қолдау жастар ұйымдарының негізгі мақсаты екенін атады (7 кесте). Жастардың

24,6%-ы (қыздар арасында – 26,5%-дан артық) мемлекеттің әлеуметтік саланы, атап айтқанда, қоғамдық жастар ұйымдарын қолдауы олардың дамуына айтарлықтай әсер етеді деп санайды. 7,4%-ы қазақстандық қоғамның өзгеруі жастар бірлестіктерін дамытудың негізгі факторы ретінде пайда болатын осындай ұйымдарға жастардың қажет екенін айтады.

Осылайша, жастардың пікірінде жастар ұйымдарын дамытудың үш тәсілі айқын көрінеді – саяси-идеологиялық құрылым (доминантты), оның мәселерін шешуге арналған әлеуметтік институт ретінде және жастардың қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беретін бірлестік ретінде қарастырады. Сонымен қатар, осы мәселе бойынша жастардың 33,4%-ы жауап бере алмады, бұл жастардың пассивтілігін, саясатқа қызығушылығы жоқтығын және ұйымдарда қажеттілік жоқ екенін көрсетеді.

7-кесте – Қазақстан жастар бірлестіктерінің дамуына әсер ететін факторлар туралы респонденттердің пікірін гендерлік бөлу, гендер бойынша %-бен

Жастар ұйымдарының дамуына не ықпал етеді?	Жыныс		Қорытынды
	Ер адам	Әйел адам	
Мемлекеттің саяси идеологиясын қолдау үшін жастар қызметін пайдалану	33,3%	35,4%	34,7%
Әлеуметтік саланы, атап айтқанда, қоғамдық жастар ұйымдарын мемлекеттік қолдау	20,8%	26,5%	24,6%
Қазақстандық қоғамның өзгеруі нәтижесінде пайда болатын ұйымдарға жастардың қажеттілігі	11,5%	5,3%	7,4%
жауап беруге қиналамын	34,4%	32,8%	33,4%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Қазіргі уақытта жастар ұйымдарының даму перспективалары мен қарқыны туралы жастардың пікірін нақтыласақ, сұралғандардың 49,5%-ы (қыздар арасында – 53,4%, ұлдар арасында – 12%-ға аз – 41,7%) олардың белсенді дамып келе жатқанын және қоғам өмірінде үлкен рөл ойнай отырып, одан әрі дамитындығын көрсетті (8-кесте). 9,5% (ұлдар арасында – 14,6%) бұл мемлекет бірлестіктің дамуына қатысады деп санайды. 5,6% (ұлдар арасында – 7,3%) мемлекеттің саясаты мен көмегіне қарамастан дамиды деп санайды. Сұралғандардың 2,1%-ы олардың жас азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз дамитынын атап өтті. Жастардың тек 1%-ы ғана (қыздар арасында ондай жоқ) ұйымдардың 0,4%-ы қазіргі уақытта даму пер-

спективасы жоқ деп санайды. Сонымен қатар, әрбір үшінші жас қазақстандық (33,0%) жауап беруге қиналды, бұл жастардың енжарлығы мен саясатқа қызығушылық деңгейінің төмендігін растайды.

Негізінен жастардың әлеуметтік-саяси ұйымдарының жастармен де, мемлекетпен де, партиялармен де байланыстары әлсіз. Көптеген жастар ұйымдары қоғамның нақты әлеуметтік құрылымын көрсетпейді; жастардың көпшілігінің мүдделерін білдірмейді, өз қызметінде жастар проблемаларын шешуге нақты бағытталмайды. Жастардың оған қатысу факторы ретінде жастар бірлестіктерінің дәстүрлі /инновациялық сипаты әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларға қарағанда оларға әсер ету күші жағынан екі есе маңызды.

8-кесте – Қазақстанның жастар бірлестіктерінің даму үрдістері туралы респонденттердің пікірін гендерлік бөлу, гендер бойынша %-бен

Қазіргі уақыттағы Қазақстандық жастар ұйымдарының даму қарқыны	Жыныс		Қорытынды
	Ер адам	Әйел адам	
Қоғам өмірінде үлкен рөл атқарып, белсенді дамып келеді және әрі қарай дамиды	41,7%	53,4%	49,5%
Мемлекеттің ұйымды дамытуға үлес қосуына байланысты дамиды	14,6%	6,9%	9,5%
Мемлекеттің саясаты мен көмегіне қарамастан дамиды	7,3%	4,8%	5,6%
Жас азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дамиды, бірақ жеткілікті белсенді түрде емес	2,1%	2,1%	2,1%
Олардың даму болашағы жоқ	1,0%		0,4%
Жауап беруге қиналамын	33,4%	32,8%	33,0%
Қорытынды	100,0%	100,0%	100,0%

Зерттеудің объектілері мен әдістері:

2016-17 жж. Орал қаласында «Жастар бірлестігі жас ұрпақ көзімен» әлеуметтанулық сауалнамасы өткізілді. Квоталық-аумақтық таңдау бойынша 570 адам сұралды. Іріктеу критерийлері – жасы, жынысы, тұрғылықты жері. Сандық эмпирикалық социологиялық ақпараттарды талдау SPSS for Windows 19 статистикалық өңдеу пакетін қолдана отырып жүргізілді. Атап айтқанда, бір өлшемді және көп өлшемді деректерді талдау әдістері қолданылды (ұштасушылық кестелерді құру, корреляциялық талдау).

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Сауалнама нәтижелері қазіргі Қазақстандағы жастар ұйымдарының белсенді дамып келе жатқанын және жас ұрпақтың өмірінде үлкен рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар, әрбір үшінші жас қазақстандық жауап беруге қиналды, бұл жастардың едәуір бөлігінің пассивтілік деңгейін тағы да растайды. Әлеуметтік тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайында интеграциялық тетіктің екі құрамдас бөлігі — жастарды белгілі бір құрылымдарға қосу және олармен сәйкестендіру арасындағы алшақтық байқалады. Нәтижесінде, интеграция органикалық қалыптасқан өзара байланыстан гөрі, механикалық бірігуге сәйкес сипатқа ие болады. Жастардың қоғамдық пікірінде жастар ұйымдарын дамытудың үш тәсілі айқын көрінеді – әлеуметтендірудің әлеуметтік тетігі ретінде саяси-идеологиялық құрылым

(доминантты) және жастардың проблемаларына, қажеттіліктеріне және сұраныстарына байланысты.

Талдау негізінде келесідей қорытынды жасауға болады: Қазақстан жастар бірлестіктерін қарастырғанда жастардың пікірлері нақты емес, бірлестіктер дәстүрлі-патерналистік және инновациялық-демократиялық сипаттамаға ие. Бұл ретте біріншісі екіншісінен басым. Бір мезгілде, ұйымдастыру тәсілі бойынша жастар бірлестіктерін «жоғарыдан» (жастардың пікірі бойынша олар көбірек) құрылып, бақыланатындарға және «төменнен» бастамасы бойынша құрылғандарға бөлуге болады. Сондай-ақ, жастарды қоғамның саяси өміріне тартуға бағытталған кезде (сұралғандардың көпшілігінің пікірі бойынша) көптеген ұйымдар жастардың емес, қоғамның проблемаларын шешеді.

Сонымен қатар, Қазақстанның қазіргі заманғы жастарының көпшілігі жастардың қоғамдық жастар ұйымдарына әрдайым қажет болғанын және қазір де қажет екен деп санайды. Бұл қазіргі жастар ұйымдарының қоғамды трансформациялаудың күрделі кезеңінде, жастар қоғамды қолдауға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, өзін іске асыруға, өзінің жеке басының қасиеттерін, мәдени және рухани жетілдіруде, сондай-ақ қоғамдық процестерге ықпал етуді қажет ететін өзектілігі мен қажеттілігін білдіреді. Сонымен қатар бұл қазақстандық жастарда қоғамдық белсенділіктің айтарлықтай әлеуетінің бар екендігін көрсетеді.

Жастар бірлестіктері өкілдерінің пікірінше, жастардың саясатқа араласуы бірнеше бағытта

дамуы тиіс. Біріншіден, бұл азамат пен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарынан туындайтын қоғамдық саясат және жастардың өз өмірі мен бүкіл қоғамның ережелерін қалыптастыру мен өзгертуге және жақсартуға қатысуын білдіреді, бұл заң шығару қызметіне, мемлекетке әлеуметтік-экономикалық, мәдени және өзге де міндеттерді шешуге жәрдемдесуге қатысуды көздейді. Екіншіден, биліктің ауысуымен, институттардың айқындығымен, сондай-ақ жастардың азаматтық қатысу, бақылау және ықпал ету мүмкіндіктерімен сипатталуы

тиіс мемлекеттік қызмет ретінде. Үшіншіден, мемлекет жастар саясатының жалпы үрдістерін айқындауға және тең құқықты негізде жастар ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауға, оларды қолдауға, бірақ қалыптастыру тәртібін айқындауға және іс жүзінде «жоғарыдан» мамандандырылған құрылымдар құруға тиіс. Тек қана дербес жастар бірлестіктері жастардың бойында өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытып, жас қазақстандықтардың өзін-өзі жүзеге асыруы, бастамашылдығы үшін мүмкіндік бере алады.

Әдебиеттер

- Алмонд Г.А., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Политические исследования. – 1992. – № 4. – С. 124.
- Алимбетова Ф.Е. Тенденции развития молодежной политики в Республике Казахстан // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2014. – № 1. – С. 46–51.
- Испаев Н.А., Тюлепова Д.С. Проблемы формирования и реализации молодежной политики Республики Казахстан // Научное сообщество студентов XXI столетия. Общественные науки: сб. ст. по мат. VI междунар. студ. науч.-практ. конф. – 2012. – № 6. //URL: <http://sibac.info/archive/social/6.pdf> (дата обращения: 29.09.2017).
- Ашимова З.И. Проблемы развития молодежной политики в Республике Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции «Повышение конкурентоспособности национальной экономики в рамках ЕАЭС», Часть III. 17 марта, 2017 г. – Уральск, Орал: БҚИТУ баспасы, 2017. – С. 121–126.
- Абдикерова Г.О., Байтуов Б.К. Молодежь в социальной структуре казахстанского общества: социальное положение и проблемы // Вестник КАЗНУ. Серия психологии и социологии. – 2017. Том 3. – № 62 // URL: <http://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/558> (дата обращения: 01.06.2017).
- Абдирайымова Г.С. Социальное самочувствие молодежи: поиск проблемных зон // Вестник КАЗНУ. Серия психологии и социологии. – 2015. Том 54. – № 3. //URL: <http://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/161> (дата обращения: 06.08.2017).
- Жусипкалиева Ш.С. Состояние и перспективы развития молодежного общественного движения в Республике Казахстан // Материалы II Форума молодых социологов Казахстана (в рамках V Конгресса социологов Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050: социальное развитие общества» и V Конгресса социологов тюркоязычных стран «Национальные стратегии развития тюркоязычных стран»). – Алматы, 2014. – С. 453–459.
- Киалбекова А.Г. К вопросу о функциональности молодежных организаций в Казахстане // Материалы II Форума молодых социологов Казахстана (в рамках V Конгресса социологов Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050: социальное развитие общества» и V Конгресса социологов тюркоязычных стран «Национальные стратегии развития тюркоязычных стран»). – Алматы, 2014. – С. 481–484.
- Лаубертс К.Ю., Келбетова Э.С. Развитие общественных объединений в Казахстане и их состояние в настоящее время // Материалы международной научно-практической конференции «Повышение конкурентоспособности национальной экономики в рамках ЕАЭС», Часть III. 17 марта, 2017 г. – Уральск, Орал: БҚИТУ баспасы, 2017. – С. 233–238.
- Социальная активность молодежи Казахстана в современных социально-политических реалиях: Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – С. 168.
- Смелзер Н. Социология. – М., 1994. – С. 94–130.
- Мертон Р. Социальная структура и аномия // Социологические исследования. – 1992. – № 2. – С. 5.
- Мид М. Культура детства. Избранные произведения. – М., 1988. – С. 201.
- Гидденс Э. Социология: Учебник. – Челябинск, 1991. – С. 260.
- Молодежь в Содружестве Независимых Государств: статистический портрет // Статкомитет СНГ, ЮНФПА. – М., 2016. – С. 17.

References

- Abdikerova G.O., Bajtuov B.K. (2017) Molodezh' v social'noj strukture kazahstanskogo obshhestva: social'noe polozhenie i problem [Youth in the social structure of Kazakhstani society: social position and problems]. Vestnik KazNU. Serija psihologii i sociologii. [Bulletin KAZNU. A series of psychology and sociology]. Tom 3. no 62 //URL: <http://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/558>

Abdirajymova G.S. (2017) Social'noe samochuvstvie molodezhi: poisk problemnyh zon [Social well-being of youth: search for problem areas] Vestnik KazNU. Serija psihologii i sociologii. [Bulletin KAZNU. A series of psychology and sociology]. 2015. Tom 54, no 3//URL: <http://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/161>

Alimbetova F.E. (2014) Tendencii razvitija molodezhnoj politiki v Respublike Kazahstan [Trends in the development of youth policy in the Republic of Kazakhstan] Vestnik Innovacionnogo Evrazijskogo universiteta [Bulletin of Innovative University of Eurasia], no 1, pp 46-51.

Almond G.A., Verba S. (1992) Grazhdanskaja kul'tura i stabil'nost' demokratii [Civic culture and stability of democracy]. Politicheskie issledovanija [Political researches], no 4, pp 124.

Ashimova Zj.I. (2017) Problemy razvitija molodezhnoj politiki v respublike Kazahstan [Problems of development of youth policy in the Republic of Kazakhstan] Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii "Povyshenie konkurentosposobnosti nacional'noj jekonomiki v ramkah EAJeS", chast' III. 17 marta 2017 g. [Materials of the international scientific-practical conference "Improving the competitiveness of the national economy in the framework of the EAEU", Part III. March 17, 2017], Ural'sk, Oral: BKITU baspasy, 2017. pp. 323 .

Giddens je. (1991) Sociologija: Uchebnik. Cheljabinsk. [Sociology: Textbook. Chelyabinsk] 261p;

Ispaev N.A., Tjulepova D.S. (2012) Problemy formirovanija i realizacii molodezhnoj politiki respubliki Kazahstan [Problems of formation and implementation of the youth policy of the Republic of Kazakhstan] Nauchnoe soobshhestvo studentov XXI stoletija. Obshhestvennye nauki: sb.st. po mat. VI mezhdunar. stud. nauch.-prakt.konf. [Scientific student community of XXI century. Social sciences: articles on Mathematics VI international student scientific and practical conference], no 6 [Electronic resource] URL: <http://sibac.info/archive/social/6.pdf>

Kialbekova A.G. (2014) K voprosu o funkcional'nosti molodezhnyh organizacij v Kazahstane. Materialy II Foruma molodyh sociologov Kazahstana (v ramkah V Kongressa sociologov Kazahstana "Strategija "Kazahstan-2050: social'noe razvitie obshhestva" i V Kongressa sociologov tjurkojazychnyh stran "Nacional'nye strategii razvitija tjurkojazychnyh stran")"). [Materials of the 2nd Forum of Young Sociologists of Kazakhstan (in the framework of the V Congress of Sociologists of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan-2050: Social Development of the Society "and V Congress of Sociologists of Turkic-speaking Countries" National Development Strategies of Turkic-speaking Countries, 600 p.

Lauberts K.Ju., Kelbetova Je.S. (2017) Razvitie obshhestvennyh obedinenij v Kazahstane i i sostojanie v nastojashhee vremja. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii "Povyshenie konkurentosposobnosti nacional'noj jekonomiki v ramkah EAJeS", chast' III. 17 marta, 2017. [Materials of the international scientific-practical conference "Improving the competitiveness of the national economy in the framework of the EAEU", Part III. March 17, 2017], Ural'sk: iz-vo ZKITU, 323 p.

Merton R. (1992) Social'naja struktura i anomija. Sociologicheskie issledovanija. [Social structure and anomie. Sociological research] no 2, 5p.

Mid M. (1988) Kul'tura detstva. Izbrannye proizvedenija. [The culture of childhood. Selected Works].– M. pp. 201;

Molodezh' v Sodruzhestve Nezavisimyh Gosudarstv: statisticheskij portret (2016). Statkomitet SNG, JuNFPA.M.[Youth in the Commonwealth of Independent States: a statistical portrait. CIS Statistical Committee, UNFPA].M. 17 p.

Smelzer N. (1994) Sociologija. Sociology. M., 1994. pp. 94-130;

Shaukenovoj Z.K. (2014) Social'naja aktivnost' molodezhi Kazahstana v sovremennyh social'no-politicheskijh realijah. Kollektivnaja monografija. [Social activity of Kazakhstan youth in modern social and political realities. Collective monograph. Ed. ed. Z.K. Shaukenova] Almaty, 168 p .

Zhusipkalieva Sh.S. (2017) Sostojanie i perspektivy razvitija molodezhnogo dvizhenija v Respublike Kazahstan [The state and prospects of development of the youth social movement in the Republic of Kazakhstan]. Materialy II Foruma molodyh sociologov Kazahstana (v ramkah V Kongressa sociologov Kazahstana «Strategija «Kazahstan-2050: social'noe razvitie obshhestva» i V Kongressa sociologov tjurkojazychnyh stran «Nacional'nye strategii razvitija tjurkojazychnyh stran»)[Materials of the 2nd Forum of Young Sociologists of Kazakhstan (in the framework of the V Congress of Sociologists of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan-2050: Social Development of the Society "and V Congress of Sociologists of Turkic-speaking Countries" National Development Strategies of Turkic-speaking Countries ")]], Almaty, pp. 453-459